

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ II

Ли Циммерман «Тәжірибедегі
теория: Жер бетіндегі ең құпиялы
өлшем: Элизабет Бишоп пен тежеу»



Бұл дәрісте біз Ли Циммерманның «Практикадағы теория. Жер бетіндегі ең оғаш шкала: Элизабет Бишоп және тежеу» атты еңбегіне талдау жасаймыз.

Алдымен еңбек авторы жайлы бірер сөз айта кетейік, Ли Циммерман – ағылшын тілінің профессоры. Ол Хофстра университетінде ХХ ғасыр Америка әдебиетінен дәріс береді және әдебиетті психоаналитикалық зерттеу саласы мен экологиялық сын саласын зерттеумен де айналысады. Доктор Циммерман «Twentieth Century Literature» қазақша баламасы «ХХ ғасыр әдебиеті» журналының редакторы. Ли Циммерманның бұл мақаласында американдық поэтесса Элизабет Бишоптың шығармашылығына талдау жасалады.

Элизабет Бишоп – Америка классиктерінің арасында, нақтырақ айтқанда ХХ ғасырдың ағылшын тілді поэзиясында өзіндік орны бар тұлға.

Бишоп – көптеген әдебиет саласындағы, беделді марапаттардың лауреаты, сонымен қатар, Америка Өнер және әдебиет академиясының марапаттауы, Ұлттық кітап марапаттарының иесі.

Бишоп сапалы білім алды, ол Нью-Йорк жанындағы, қалашықта орналасқан Вассар жекеменшік колледжінде оқыды. Оның поэзиясы ұстамдылығымен, ішкі күшімен, рухани еркіндігімен ерекшеленеді, оның лирикасының негізгі сарыны – шексіз жалғыздық. Ал оның лирикасының негізгі ерекшелігі – ол тілдің тазалығы мен тепе-теңдігі, ақындықтың пішіндерін шебер қолдана білуінде жатыр.

Негізгі бөлім

Джулия Ривкин мен Майкл Райан былай дейді: «Ли Циммерман Элизабет Бишоптың поэзиясын, объектілік қарым-қатынастың психоанализі негізінде зерттеуге тырысады. Күрделі құштарлық және толық бабында тұрған Эго арасындағы шиеленістерге назар аударудың орнына Циммерман «Мен» және «Басқаның» шегарасы туралы, келісім үшін тілдің қолданылуын зерттейді. Ол Бишоп поэзиясындағы балалар мен материялар туралы жазады.

Объектілік қарым-қатынастар

Психоанализдегі «объект» сөзін ерекше маңызда түсіну керек. Бұл – әуестіктер бағытталған адам; бұл оның субъектілік қасиеттерін теріске шығару дегенді білдірмейді. «Қарым-қатынас» ұғымы бұл жерде өзара тәуелділік мағынасында түсіндіріледі, яғни әңгіме тек субъектінің өз объектілерін құруы туралы ғана емес, бұл объектілер оның жұмысын қалай қалыптастыратыны туралы да.

Заманауи психоанализдегі объектілік қарым-қатынастар – субъектінің әлемге белгілі, жеке тұлғаның күрделі, әрі бүтін қорытындысы сияқты қатынасы, қиялдаумен қандай да бір, байланысы бар объектілерді, белгілі бір деңгейде қабылдау нәтижесі сияқты қатынасы және қорғанудың таңдалатын әдісі секілді.

Элизабет Бишоптың соңғы кітабындағы, бірінші өлең – «Күту бөлмесі» негізінде балалық шақтың қорқынышы туралы естелігі жатыр. Оның өлеңдерінде әлем үлгісі салқын, қою қара кеңістік сияқты суреттеледі. Сынның бұл образы «Метафизикалық күдік» ретінде сипатталады. Бишоп поэзиясындағы маңызды образдардың бірі, тұрақсыздық қаупі болып табылады (мысалы, «Күту», «Крузо» өлеңдерінде). Калстоун Бишоптың өлеңдері «Жоғалып кету қаупі, үнемі төніп тұратын әлемді, қалпына келтіру әрекеттерін» сипаттайды деп есептейді.

Ли Циммерман Элизабет Бишоптың «Күту залында» өлеңіндегі әлемнің тұрақсыздығы тақырыбын зерттеп, оны Бишоптың орталық тақырыбы деп атайды. Ол Бишоптың туындыларында психоаналитикалық әдіспен, «жоғалту» дегеннің не екенін зерттейді. Шынында да, Элизабет Бишоптың өмірбаянындағы фактілер, әсіресе, балалық шағындағы оқиғалар, оның шығармашылығына қатты әсер еткен еді.

Циммерман: «Бишоп ерте балалық шағында, есін білмеген кезде, әкесінен айрылды. Элизабет туған соң, 8 айдан кейін, әкесі ауыр дерттен қайтыс болды. Анасы күйеуінің өліміне қатты қиналып, одан кейінгі бес жылын психиатрикалық мекемелердің қабырғасында және



одан тыс жерде өткізді. 1916 жылы оған ауыр диагноз қойылды. Бес жасар Элизабет одан кейін анасын қайта көрген жоқ.

Кішкентай Элизабетті Жаңа Шотландиядағы, шағын ғана елді мекенде тұратын нағашы атасы мен апасы қолына алады. Қауіпсіз әлемге енді қолым жетті дей берген шағында, жалғыз немерелері, сауаты нашар және тұрмысы қарапайым, туыстарының қолында өседі деп қауіптенген әкесінің бай отбасы Элизабетті бір жылдан кейін өздеріне алады. Осылайша, Элизабеттің «бөтеннің үйіндегі қонақтың өмірі» деп атайтын ғұмыры басталады.

Кейін толысқан шағында, Бишоптың өмірінде тағы бір қайғылы жағдай болады. Ол 1967 жылы Бразилиядағы достарының үйінде қонақта болған кезде, психикалық дертпен ауыратын үй иесі мен оның досы, өздеріне қол жұмсайды. Бұл оқиға Элизабет үшін ауыр тиеді.

Ли Циммерман былай деп жазады: «Психоанализді қолдана отырып, мен Бишоптың өлеңдері мен прозасынан оқырманның назарын, оның өмірбаянына аударғым келмейді. Мен оның өміріндегі тұрақсыздық тақырыбының негіздерін іздеуге тырыспаймын, жай ғана оның Хаттарындағы анық проблемалар туралы ойластыруға тырысамын.

Ли Циммерманның көркем туындыларға психоаналитикалық анализ жасау әдісі, британ педиатры және психоаналитигі Дональд Винникоттың теориясына негізделген. Ол өзінің ұзақ жылдық тәжірибесінде сөздің нәресте мен оның анасының ортасында тұратынын дәлелдеген. Винникот теориясының негізгі сәті, ерте қарым-қатынас жағдайының, біздің тіл мен басқа да мәдени құндылықтарды қалай қабылдауымызды анықтауында. Винникоттан алған әсерімен, британдық тағы бір психоаналитик Уилфред Бион 1962 жылы шектеу теориясын құрды, оны контейнерлеу теориясы деп те атайды.

Уилфред Бионның шектеу теориясы

Бион өз теориясының негізі ретінде Дональд Винникот пен Мэлани Кляйннің идеяларын алды. Ол бұл концепцияны негізінен психикалық науқастарды, нақты айтқанда, олардың ерекше ойлау қабілетін зерттеу кезінде жасады. Бион балада, сыртта немесе іште пайда болатын, өзінің күші жетпейтіндей көрінетін, сезім бар деп болжайды. Ол жылауы немесе күлуі, зәр жіберіп қоюы мүмкін немесе басқа да физикалық заттарды қолдануы мүмкін, бірақ, бұл негатив эмоцияларды өзі жеңе алмайды.

Уилфред Бионды мынадай сұрақтар мазалайды: бала сезінетін сезімдер мен яғни, қорқыныш, негатив эмоциялармен не болады? Ондай сезімдерді ол қайда қуады? Ондай сезімдер қайда жоғалады? Бионның пікірінше, ондай сезімдер баланың анасына ауысып, өзгереді. Анасы бұл сезімдерді өзінің мейірімімен өзгертіп, сәбиін жұбатады, жағдайына еніп, қажет болса түсіндіреді, баласына махаббатын арнайды.

Ағылшын Оксфорд сөздігі бойынша шектеу – қандай да бір зиянды құбылыс немесе затты бақылауда, бір қалыпта ұстау, сақтау деген түсініктеме берілген. Бұл жағдайдағы шектеу – қауіпті құбылыстың таралуын тоқтату. Шектеу деген, мысалы, ауру, ашу-ыза немесе мазасыздықты жинап, толтыратын ыдыс сияқты ұғым.

Уилфред Бионның сөзінше (1897–1979), жақсы ана өз баласы үшін, сәбиде пайда болатын барлық жағымды және жағымсыз сезімдердің контейнері секілді қабылдануы мүмкін. Баланың мазасыздануы оның анасына немесе анасының орнын алмастырған адамға ауысады. Шектеу – ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың ең маңыздысы және негізгісі. Сондықтан шектеуді кейде ананың жинақтауы деп те атайды. Баласына жаны ашыған ана оның мазасыз сезімдерін, өзінің интеллектуалды психикалық процестері арқылы тасымалдауға көмектеседі. Анасының көмегімен бала өзін қалыпты ұстап, ішкі проекцияларды жүйелендіруді үйренеді. Осылайша нәрестеде айналада болып жатқан оқиғаларды тану және аффектив реакцияларды шектеу процестері пайда болады.

Ана мен бала арасындағы мұндай байланыс кейінірек, бала есейген шақта аса маңызды. Бионның пікірінше, бұл менталды қабілеттердің дамуының базисі. Екеу ара байланыс, мысалы, ананың жағымсыз реакциялары салдарынан бұзылса, онда болашақта психотикалық бұзылуларға соқтыруы мүмкін. Ал ана мен бала арасындағы, байланыстың болмауының соңы қайғылы аяқталуы мүмкін.



Бионның «шектеу» түсінігі Ли Циммерманның пікірінше, Э. Бишоптың поэзиясын түсінуге көмектесе алады. Циммерман Уилфред Бионның мына пікірін келтіреді:

«Нәресте қатты мазасызданған кезде анасына бағыттап, көмек іздейді. Анасының жауабы, қауіпті қабылдап, баласының мазасыздығын басу үшін қажеттің барлығын жасауы тиіс. Баланың түсінігі бұл тұста өзіне бағынбайтын құбылысты объектіге (анасына) бағыттауда, ол объектінің сол құбылысты шектей алатынын сезінуі тиіс. Объект мазасыздықты шектеуге көмектесті. Сыртқы объектінің мазасыздықты түсініп, шектей алуы психикалық тұрақтылықтың басы саналады (1981, 134–35).

Бишоп бұл мәселеде өзінің поэтикалық туыстары арасында жалғыз да, бірегей де емес. Поэзияны шектеу өнері ретінде қолдану құбылысы Джеймс Меррилдің «Сандовердегі өзгермелі жарық» атты жинағы мен Уоллес Стивенстің «Заманауи поэзия» кітаптарының негізінде жатыр. Бірақ Элизабет Бишоп осындай проблемалармен басынан және барынша тыңғылықты айналысқан шебер саналады.

Оның «Мені осынау қорқынышты уақытта осында ұстап тұрған не?» деген сұрақ қоя бастаймын» деп, немесе өзінің қойын кітапшасында «Әлемде шынында да, жалғыз болу деген қандай?» деп жазғанына қарап, біз оның туындыларының басты тақырыбына айналған «Жоғалту» ұғымы – бұл шектеуден бас тарту екенін түсінеміз.

Оқырмандар Бишоптың әлемі «бір-бірімен жақсы жағдайда да, жаман жағдайда да, байланысы жоқ адамдар мен заттарға толы» екенін жиі айтады. Оның лирикалық кейіпкері жиі «қазіргі жағдайдың оғаш, мүмкін емес екенін» байқайды. Бишоптың сыншылары шектеудің, осылайша бұзылуы биондық «оғаш объектілер» әлемін құрады деп санайды.

Ли Циммерман өзінің мақаласында, тағы да психоанализге Уилфред Бион енгізген терминді келтіреді. Бион бұл түсінікке мынадай мағына береді: «Оғаш объектілер – бұл психотик үшін жағымсыз психикалық жағдайдың адамды қоршаған ортаға патологиялық нақтылау әдісімен алыстатылған ұсақ бөлшектері».

Бишоптың өз анасымен, ерте бастан қиын қарым-қатынаста болуы туралы ашық хаты – оның көптеген өлеңдерінің негізінде жататын автобиографиялық тарихы. Бұл оқиғалар анасының ауруханадан кейін, Жаңа Шотландиядағы Бишоптың нәресте кезінде, әкесі дүние салған ауылға келуіне қатысты. Анасы басындағы қиын жағдайға шыдай алмай, басқа психиатриялық ауруханаға кетуге мәжбүр болып, сонда мәңгіге қалады. Бишоп бес жасында анасын соңғы рет көреді.

Сюжеттің экспозициясында отбасының құтын қашырған оқиға анық суреттеледі: «Алдымен анасы үйіне баласымен келеді. Одан кейін, ол тағы да жалғыз кетіп, баласын жалғыз қалдырады. Одан кейін үйіне қайтып келеді. Сосын тағы да, сіңлісімен бірге кетіп, кейін тағы да үйіне келеді».

Басында оқиғаның алғашқы сөздерінде кездескен, жеткізушінің табиғаты мен санасын осып өтуі мүмкін «айқай» болды: «Айқай, айқайдың жаңғырығы, Жаңа Шотландиядағы ауылдың үстінен кетпей қойды. Айқайды ешкім естімейді, ол таза көк аспандағы кішкентай дақ секілді үнемі тұрады... Айқай есте сақталып, өткен және қазіргі шақ, оның арасындағы жылдарда жаңғырып тұр».

Әңгімелеушінің жадында жатталып қалған айқай ауқымының оғаштығымен байланысты: оның «қадамы менің ауылымның қадамы болады. Шіркеу мұнарасының ұшын тырнақпен түртсеңіз, оны естисіз». Элизабет Бишоптың осы тұстағы да, отбасылық тарихтың алғы сөзінде де жан ұшырған жағдайы, нәрестенің сезімін білдіріп тұруы мүмкін. Ол сезімдерді қабылдап, баласына «бәсең түрде» қайтарып беру, анасының қолынан келмеді, оның өзі жеңіліс тапты. Шектеу әлеуетті кеңістік қалыптастыра алар еді, бірақ жарылыс ол мүмкіндікті жоққа шығарады, ал баланың аффект сезімдерінің, Бионның пікірінше, «маңызы жоқ».

Бионның пікірінше, шектеу о бастан символизмнің бастауы. Бионның «ана мен бала» байланысына деген көзқарасы бөтенсудің құрылымын түзуден алыс, тілдің өзі шектеуге қол жеткізуге болатын құралдың бірі. Бион өзінің эмоцияларын сөз түрінде «шектеуге» тырысқан науқас туралы жазады... Адам айтқысы келген, ойды білдіргісі келген сөздер эмоциялық күштермен бөлшектелді.

Осылайша шектей алмаудың салдары «ақыл-естің тұрақтылығының» бұзылуына алып келетін интенсивті психикалық жағдайға ғана емес, Бион «атаусыз қорқыныш» деп атайтын



жағдайға әкеп соқтырады немесе Винникотт «түсініксіз мазасыздық», «аса шиеленіскен жағдай» деп сипаттайтын жағдай, нәрестенің анасының болмауынан орын алады.

Өз кезегінде, «қоршаған әлем де сенімді санала алмайды. Себебі «науқас айналасын нақты объектілер емес, мағынасы жоқ «түсініксіз объектілер» қоршап тұр деп сезінеді», – деп жазады Бион.

Э. Бишоптың поэзиясында тұрақты, қайталанатын образдар, негізгі тақырыптар мен концептер бар. Ақын өз лирикасында, оларға жиі оралатын болады. Бұл – тұрақсыз, шайқалып тұратын әлемнің образы. Бишоптың лирикалық кейіпкері – көздері белгісіз құрдымға батып немесе сырғып бара жатқан, ұсақ детальдарға бағытталған жалғызділікті жас қыз.

Сөзсіз, бұл – автопортрет, мазасыздық белгісіздікке түсіп немесе сырғып барады. Э. Бишоптың лирикасындағы тұрақсыздық образы, өлеңдерінен де, оның «Бастауыш мектеп» атты прозаикалық мемуарларынан да білінеді. Бұл мемуарында Бишоп өзінің білім алуының басын еске алады, мәдениеттің сыртқы қалпын түсіне бастауын еске алады. Сол кездің өзінде ақын өлімнен қорқатын: «Мен бұрын әжемнен, мен мектептен үйге келгенше, өліп қалмауға уәде беруін өтінетінмін», – деп жазады ол. Бірақ көп ұзамай жасөспірім қызды Жаңа Шотландиядағы ауылдан, әкесінің ата-анасымен бірге тұру үшін, Массачусетс штатындағы Вустер қаласына алып кетеді. Элизабет атасының үйі мен ондағы тұрғындарды жек көрді. Ол өзін мұнда бөтен және жалғыз сезінетін және соңында бұл жағдайды, ол ұрлауға теңеді.

Бишоп өлеңдеріндегі тағы бір маңызды образ – жоғарыда айтылған айқай образы. Бишоп бұл туралы өзінің прозалық мемуарлық «Тышқандар әлемі» очеркінде жазады. Айқайдан құтылуға ешкім көмектесе алмайды. Себебі «ауада қорқынышты, жантүршігерлік бірдеңе тұрғандай болды». Бірақ ең кең тараған қауіп – бұл айқайдың жарылысы емес, оған қарама-қарсы жағдай – тұншықтыру болды. Ең басынан баланы, қатал әлем қоршап алады: «Мені кедейлік пен ауылдың өмірінен құтылу үшін, әкем туып-өскен үйге менің еркімнен тыс әкелуге, қарсы болдым». Бишопты жаңадан қамқорлыққа алған адамдар, мейірімділіктен тыс секілді. «Бұл атам мен апамның бірнеше апта бұрын тек аттары ғана белгілі еді». Шынында да олардың ұсқынсыз қамқорлығы символикалық тәртіп секілді, туыстық сөздер сияқты және «қатаң» өмір болып елестеді.

Бишоптың өлеңдеріндегі оғаш объектілердің мысалы ретінде, «Күйе адам» туындысындағы «құрттай адам» образын айтуға болады. Бұл образда құртақандай өлшем, орташа өлшеммен және алыппен араласып кетеді. Мұндай оғаш масштабтар алаңдаушы әлемді білдіреді немесе басқа мысал, ақынның поэзиясында «оғаш объектілер», математика сабағындағы цифрлар бағаны ретінде көрініс табады. Кішкентай Элизабетке бұл «цифрлардың ұзын бағаны» қызық көрінеді. Бірақ ақын бұл бағандар «Жаңа Шотландиядағы бастауыш мектепке барып жүргенде, шеше алмас жұмбақ ретінде, қала берер еді» деп жазады. Э. Бишоптың лирикасындағы басым мазасыздық, тұрақсыздық образдары әлемнің кейбір постмодерндік белгілерін көрсетеді. Бишоптың поэзиясы «ұсақталған, майданалған «Мен» ұғымымен шектесетін дәстүрлі «Мен» ұғымын бөлшектейді».

Элизабет Бишоп өзіндік ұғымның әмбебаптығына көз жұма қарайды. Оның орнына ақын, шексіз риторикалық әлеуеті, нағыз өзіндік ұғымды қол жетпестей ететін жасанды, гипотикалық, синтетикалық «Мен» ұғымын жасайды.

Қорыта айтқанда, біз бұл дәрісте Элизабет Бишоптың поэзиясы, оның өлеңдері мен образдарын, Ли Циммерманның психоаналитикалық призма арқылы, қалай талдағаны туралы сөз қозғадық.